

№ 43 «Гүлдәурен» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «1 маусым – Балалар күні» мейрамы қарсаңында «Балаларға базарлық» атты ойыншықтар акциясын өткізу

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Базарбаева Тазагүл Ерболовна жиналысты өз сөзімен бастады. Жаздың алғашқы күнімен келетін 1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні- балалар мерекесі балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын асыға күтетін мерейлі сәт. «1 маусым – Балалар күні» мейрамы қарсаңында «Балаларға базарлық» атты ойыншықтар акциясын өткізуге қалай қарайсыздар?

Халқымыз «Балалы үй базар», «Бала – болашағым, жалғасым» деп ерекше мейіріммен айтқан. Мұның өзі ата-ана мен баланың арасындағы ерекше байланыс пен ежелден үзілмеген ұрпақтар сабақтастығының дәлелі. Бала бақытын бағына балаған ата-ана үшін бұл мерекенің маңызы да, мағынасы да терең. Әрбір халық ұрпағымен көктеп, ұлтымен өркен жаяды десек, біздің де тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы балаларымыздың болашағымен байланысты. Кез-келген ата-ананың өз балаларының бақыты жолында еткен еңбегі сол елдің ертеңіне қосқан үлесі болмақ. «Болашақ-бүгіннен басталады» деп дана халқымыз бекерге айтпаса керек.

Шығып сөйлеушілер:

Комиссия мүшесі: Жумабаева Кенжегүл

Адам өміріндегі ең үлкен бақыт – ұрпақ өсіру, бала тәрбиелеу. Бүгінгі бала елдің ертеңі, болашағы, ұлттың жалғасы. Қай мемлекет болсын, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетіні сөзсіз. Өйткені, өскелең ұрпақ-елдің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтары. Бар жақсылығын балаларына көрсетіп, олардың жан-жақты тәрбиелі, саналы болып ержетуіне қамқорлығын аямайтын мемлекеттің болашағы да жарқын.

Тұғыры биік еліміздің ертеңі бүгінгісінен де кемел болуы рухы асқақ, өресі биік білімді де талантты ұрпақ қолында. Бүгінде баршамыздың алдымызда тұрған зор міндет – халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан сусындатып, ұрпаққа заманауи білім беріп, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау. Бала бойындағы мүмкіндіктерді ашу. Боламын деген баланың бетінен қақпай, белінен буатын дана халқымыз қашанда ұрпағына тағлымды тәрбие беріп, кішіпейілділікке

баулып өсірген. Жүзімізді жадыратып, жүректегі мұзды ерітетін сәбидің сыңғыр күлкісі екені белгілі. Ата-ана үшін бөбегінің шат күлкісі мен баянды болашағынан қымбат дүние жоқ! Даңқты батыр Бауыржан Момышұлының «Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?! Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес»-деген қанатты сөзі бала біздің бақытымыз екендігінің көрінісі. Осынау келіп жеткен 1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні құтты болсын! Балаларымыз бақытты балалық шақтың базарында күліп-ойнап жүре берсін деп тілеймін. Жүздерін шаттық кернеп, ата – аналарының сенімін ақтап, ел туын көкке көтерер азамат болып өссін!

Комиссия мүшесі: Жубаназарова Гүльжан Жақсылыққызы

Әр отбасының бақыты – балалар үшін ойыншықтардың маңызы зор. Ойыншықтар балдырғандардың дүниетанымын қалыптастырып, қабілетін шыңдауға көмектеседі. Кез келген бала ойыншық арқылы есейіп, ой-өрісін дамытады. Бұл игі істі мен ең бірінші- балам үшін қолдаймын. Баламның балалық шағы тек жақсы сәттермен өрнектелсе екен деймін. Және де әкесінің жақсылықтың басында көрген балам өскенде жаман болмайтыны хақ.

Қаулы етеді:

1. Мереке қарсаңында «Балаларға базарлық» атты ойыншықтар акциясы жәрмеңкесі ұйымдастырылсын.

Осыған жауапты Муса Балнур жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Дузбаева Салтанат Адилбекова

Баширова Лаура Қуанышқызы

Келісемін:

Балабақша басшысы К.Т. Шокпарова